

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

КЕАҚ «Нархоз университеті» Құқық және мемлекеттік басқару мектебі Сізді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған **«Жаңа Қазақстан: даму перспективалары және қазіргі заманның сын-қатерлері»** тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырады.

Конференция **гибридті форматта (онлайн/оффлайн)** ұйымдастырылады. Конференция 2022 ж. 13-желтоқсанда сағат Астана уақыты бойынша 09:00-ден 18:00-ге дейін Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 55 мекенжайындағы КЕАҚ «Нархоз университеті» акт залында өтеді.

Онлайн форматта конференция Zoom платформасында өтеді. Конференцияға сілтеме және кіру коды тіркелген қатысушыларға жіберіледі.

Конференция жұмысының тәртібі:

2022 ж. 13-желтоқсан, уақыт Астана қаласы бойынша:

9:00-10:00 – қатысушыларды тіркеу, таңертеңгі кофе;

10:00-13:00 – пленарлық отырыс;

13:00-14:00 – түскі үзіліс;

14:00-17:00 – секциялық отырыстар;

17:00-17:30 – кешкі кофе;

17:30-18:00 – конференцияның жабылуы.

Конференцияда келесі секциялық бағыттар бойынша мәселелер қарастырылады:

Қазақстандағы конституциялық реформалар: өткеннің сабақтары және болашаққа көзқарас

Мемлекеттік басқарудың жаңа тұжырымдамасын іске асыру: сын-тегеуріндер мен перспективалар

Жаһандық және аймақтық қауіпсіздік контекстіндегі ұлттық бірегейлік

Конференцияға қатысуға келіскен жағдайда Сізден **2022 ж. 1-желтоқсанға** дейін [осы](#) сілтеме бойынша тіркеуіңізді сұраймыз.

Конференция жұмысының нәтижелері бойынша қатысушылардың баяндамаларын материалдар жинағында басып шығару жоспарлануда. Баяндамалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде **2022 ж. 19-желтоқсанға** дейінгі (қоса алғанда) мерзімде қабылданады.

Орындар саны шектеулі. Конференция материалдарының жинағына ISBN халықаралық индексі беріледі. Баяндамаларды рәсімдеуге қойылатын талаптарды [сілтеме](#) бойынша қараңыз.



Жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмейтін баяндамалар жарияланбайды. Баяндама конференция тақырыбына сәйкес келмеген, сондай-ақ оның мазмұнына елеулі ескертулер болған жағдайда редакциялық алқа баяндаманы жариялаудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Барлық баяндамаларды онлайн тіркеу нысаны арқылы жүктеуді немесе келесі электрондық поштаға хат тақырыбында «Баяндама_Бағыт_Автордың аты-жөнін» көрсете отырып жіберуіңізді сұраймыз: conference.slpp@narxoz.kz

Барлық сұрақтар бойынша конференция үйлестірушісі Жания Хайбуллинаға телефон арқылы хабарласуыңызға болады: + 7 701 520 05 80.

Конференцияның Ұйымдастыру комитеті